

Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 тамыз N 1084. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.01. N 922 қаулысымен.

СПИД жөніндегі эпидемиологиялық жағдайдың асқынуына байланысты және республикада ВИЧ-инфекциясының одан әрі таратылуын болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылсын.

2. Мыналар бекітілсін:

СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы (қоса беріліп отыр).

Ескерту. 2-тармақтың 2 абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.07.07. N 647 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, республикада СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсынысын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

10 миллион (он миллион) теңге сомасына диагностикалық тест-жүйелері мен жабдықтар сатып алу үшін қаржыландыру көздерін іздестірсін;

1996 жылға арналған республика бюджетінің жобасын қалыптастыру кезінде СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті қаражатты қарастырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 5 тамыздағы
N 1084 қаулысымен

Бекітілген

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже <*>

қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының аумағында АҚТҚ инфекциясы таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

2. Кеңестің құрамына мүдделі орталық атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

4. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып т а б ы л а д ы :

1) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес мәселелеріне қатысты бөлігінде заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;

2) АҚТҚ/ЖҚТБ таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру мен халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша эпидемиологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

5. Кеңестің негізгі функциялары мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып т а б ы л а д ы :

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жетілдіру;

2) халықаралық және басқа да ұйымдармен АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаның (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың АҚТБ/ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі тиімді іс-шараларды қамтамасыз етуі.

6. Кеңес өз міндеттерін іске асыру мен функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардан Кеңестің міндеттерін іске асыруға қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) Кеңестің отырыстарында Кеңестің құзыретіне енетін мәселелер бойынша

- Беркімбаева Ш.К. - Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары
- Дәненов Н.Ж. - Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрінің бірінші орынбасары
- Есмұханов Ғ.Е. - Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Көші-қон департаментінің төрағасы
- Көпішев Ә.С. - "Қазақстанның теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының президенті
- Клебанов Я.А. - СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі Республикалық орталығының Бас директоры
- Қалижанов У.Қ. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары
- Құсымжанов М.Қ. - Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары
- Лебеденко Л.Ю. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат бөлімінің консультанты
- Ким А.Г. - Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрінің орынбасары
- Панов Ю.В. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің орынбасары
- Сүлейменов Н.И. - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
- Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары